



ӨЗЕН

№7 (28) ШІЛДЕ 2018 Ж. | «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

«ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА»

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ, ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ 50 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЛАРЫНА АРНАП «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАСҚАРМАЛАРЫ АРАСЫНДА «ЕЛУ ЖЫЛДА ЕЛ ЖАҢА» ДЕГЕН АТПЕН ЖАЙДАРМАН ОЙЫНДАРЫ ӨТТІ.

Екі түрдан тұрған әзілкештер сынында мұнайшы жастар белсенділік танытты.

Сұрақ-жауап бөлімінде жайдарманшылар Жаңаөзендегі шілденің шіліңгір күндерін тілдеріне тиек етсе, берекенің бастауы – жауынның көптен жаумағанының жандарына батқанын айтудан жасқанбады. Сондай-ақ түрлі жолдастық әзілдер де сахнаның сәнін кіргізсе, көрермендерін күлкіге кенелтті.

Залда ересек жастағы жаңаөзендіктерден гөрі жас көрермендердің қарасы көп болды. Жастардың Жайдарман ойындарына қызығушылығы тапжылмай отырып тамашалауларынан көрінді. Сондай-ақ ойыншылардың орынды әзілдері жиналғандарды қызықтыра алды.

«Елу жылда ел жаңа» тақырыбымен өткен басқармалар арасындағы Жайдарман ойыны нәтижесінде 1-ші орынды



№3 СҚКБ, 2-ші жүлделі орынды ӨТҚЖЖКБ, 3-орынды ХЖЭБ иеленді. Ал арнайы жүлде №3 МГӨБ-ке бұйырса, ӨЭМБ «Көрерменнің көзайымы» болды. Кәсіподақ ұйымының жүлдесін АЖТБ қанжығасына байлады.



АҢДАТПА

- БАР ЖАҚСЫЛЫҚ - БАЛАЛАРҒА 2-бет
- КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ – МҰНАЙШЫ . . . 5-бет
- ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ БАҚЫТ БАСЫН ИЕДІ . . . 4-бет
- ӨКІНІШ (ӘҢГІМЕ) 7-БЕТ

МҰНАЙШЫ ДЕНСАУЛЫҒЫ — кәсіподақ назарында


Психологтар демалыс адамдардың еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыратынын айтады. Ауру асқынып кетсе, қиын болатынын жақсы түсінетін өзенмұнайгаздықтар жыл сайын еңбек демалысында кәсіподақтан жолдама құнының 30 пайыз қаражатын төлеп, Қазақстанның түкпір-түкпірінде орналасқан шипажайларға барып, ем алып, денсаулығын нығайтып қайтады.

Атап айтатын болсақ, компания қызметкерлері үшін «Сарыағаш», «Ақ тілек», «Манкент», «Алтын-Қарғалы», «Қазақстан», «Жаңақорған», «Шағала», «Сосновый бор», «Балқаш», «Мерке», «Т.Рысқұлов» сияқты шипажайлардың есігі ашық. «Қазақта «ауру төнсе, кең дүниені тар қылмақ» деген нақыл бар. Баға жетпес байлық саналатын денсаулықты жоғалту оңай, қалпына келтіру қиын. «Адам денесінің жетілуі-оның денсаулығы; егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек,



ал егер сау болмаса, онда денені сауықтыру керек», – дейді әл-Фараби бабамыз. Дертіне шипа, деніне саулық тілейтін мұнайшылар жыл бойы кәсіподақ ұйымынан өздерінің қалаған

жеріне жолдама алып, шексіз алғыстарын айтып кетеді. Олардың алғысы біздің жұмысқа деген құлшынысымызды арттырады» – деді кәсіподақ маманы Жанар Мананова.



Бар жақсылық — БАЛАЛАРҒА

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы компания қызметкерлерінің денсаулығын жақсартуды ғана мақсат етіп қоймайды. Жазғы каникул кезінде 7-14 жас аралығындағы жайқалып өсіп келе жатқан мұнайшылар балалары да назардан тыс қалмайды.

Еліміздегі таңдаулы лагерьлерде, атап айтатын болсақ, «Ақбөбек» (Кендірлі) 1005 бала, «Машат Арасан» (Шымкент) 568 бала, «Балдәурен» (Көкшетау) 568 бала, «Айналайын» (Алматы) 1500 бала, «Балдәурен» (Қапшағай) 426 бала демалып, шынығып, өсіп, рухани жағынан жетіліп қайтады.

Әлеуметтік-әкімшілік департаментінің Әлеуметтік сұрақтар бөлімі аға маманы Мұрат Ақын жоғарыда аталған лагерьлердің танымдық бағдарламалары мен санитарлық жағдайлары мекеме тарапынан толықтай тексеріліп, балаларды апарып-әкелу, демалыс кезіндегі қауіпсіздіктері де қатаң бақылауда екендігін айтады.

«Шынайы қамқорлық пен махаббатты сезінген бала жүрегі таза, өмірге құштар болып келеді. Әрбір адам өзінің бауыр еті баласын аялап, оның болашағын, күні ертең елін сүйген азамат болып шығуын ойластырған абзал» – дейді аға маман.

Өзенмұнайгаздықтар өмірі РОМАНТИКАҒА ТОЛЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ әрбір ұлттық, мемлекеттік мейрамдар ойдағыдай, жоғары деңгейде аталып өтеді. Жыл 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінен бастау алып, Аман, Наурыз мейрамдарына ұласады.

Компания азаматтары жыл сайын танымал әншілерді шақырып, әріптес 1860 аруға ұмытылмас мереке сыйлады.

Өзенмұнайгаздықтар Аман мерекесін де тұрақты түрде тойлауды дәстүрге айналдырған. Бұл күні таңғы сағат 6-дан бастап төрт жерде, ескі автотобекет, БЖБ мекемесінде, Қызылсай ауылында жұмысқа кетіп бара жатқан мұнайшыларға арналып үлкен дастархан жайылады. Сол жерге рет-ретімен компания басшылары барып, дәмнен ауыз тиіп, жұмысшыларды Аман мерекесімен құттықтап, жұмыстарына табыс, отбасыларына амандық, өздеріне мықты денсаулық тілеп, күнделікті жұмыстарына шығарып салады. Наурыз мерекесі БЖБ мекемесінің қасындағы жаңа автостансада өтеді. Наурызда ән айтылып, күй шертіліп, көріністер көрсетіледі. Бұл күні әртүрлі спорттық шаралар ұйымдастырылып, ұлттық сайыстар өткізіледі. Арқан тарту, кір тасын көтеру, асық ату, тіпті ләңгі ойындары ойналады.

Компания 9 мамыр – Жеңіс күнін де назардан тыс қалдырып көрген емес. Бұл күні басшылық тарапынан Ұлы Отан соғысының, тыл және Ауған соғысы ардагерлеріне құрмет көрсетіледі. Жеңіс күні құрметіне «Өзенмұнайгаз» АҚ демеушілігімен жыл сайын бәйге ұйымдастырылады.

Қыркүйек айында өтетін өзіміздің төл мерекеміз міндетті түрде жоғары деңгейде тойланады. Бұл мерекеде ардагер және озат мұнайшыларымыз марапатталып, оларға қошемет көрсетіледі. Гала концерт ұйымдастырылады. Қазақ елінің ұлық мерекесі Тәуелсіздік күнін де өзенмұнайгаздықтар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара отырып атап өтеді.



Ал Жаңа жылдық шыршаға мұнайшылардың 10 мың баласы қатысып, оларға тәттілер үлестіріледі. Мүгедек балалар мен мүжәлсіз отбасылардың балаларына арнап қайырымдылық акциясын өткізуді де дәстүрге айналдырдық.

Мұнайшылардан құралған жайдарманшыларымыз республикалық көлемде жақсы жетістіктерге қол жеткізіп жүр. Қаланың 50 жылдығына орай өткізілілген айтысқа да әріптесіміз Арғынбек Қалбай қатысып, алдыңғы қатардан көрінді. Келесі жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ 55 жылдығын тойлайтын боламыз. Маңызды мерекеге қазірден бастап іс-шара жоспарын жасақтап, мұқият дайындалып жатырмыз. Мұнайшыларды үздіксіз мәдени және рухани жетілдіріп отыру «Даму концепциясының» ережесінде де көрсетілген. Бір сөзбен айтқанда, мұнайшылардың өмірі романтикаға толы екені рас.

Амандық Әбиев,
«Өзенмұнайгаз» АҚ,
Әлеуметтік бөлім бастығы.



Жаңаөзенде өмірі өнеге адамдар аз емес.
Бүгінге тоқсанның ауылына ат шалдырып отырған
Боранбай Нұрмұханов ақсақал осындай жандардың бірі.

КЕШЕГІ БОЛМАСА, БҮГІНГІ БОЛМАҚ ЕМЕС

шағынауданындағы барак типтес үйлердің іргетасы енді қаланып жатқан болатын. Ешқандай жағдайдың болмағанына қарамастан алғашқылар қыстың қарды боранында да, жаздың ыстық аптабында да қайтпас қайсарлық танытып, кенорынды игеруге жанкештілікпен кіріскен болатын.

Боранбай Нұрмұханов №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында (сол кездегі «Трактор кеңсесі») бас инженер қызметін атқарған. Кейін №3 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында әр түрлі жауапты қызметтерді абыройлы атқара жүріп, осы мекемеден құрмет демалысына шығады. Ол Өзен кенорнының өсіп-өркендеуіне барынша өлшеусіз үлес қосқан азамат. 55 жыл жұмыс жасаған Борекең өзіне тапсырылған кез келген жұмысты өте тыңғылықты атқарды. Өзен кенорнын игеруді арнайы техникаларсыз елестету мүмкін емес. Темір тұлпарлардың мұнай өндіруде алатын рөлі өте зор екенін ешкім де жоққа шығара алмасы анық. Борекең арнайы көліктерінің үнемі сақадай сай дайын болып тұруына үлкен мән берді. Әрбір техниканы балапандай баптап, баладай күтімге алды. Барлық жүргізушілермен жақсы тіл табысып, жұмысты оңтайлы ұйымдастырумен көзге түсті. Әріптестер арасында сый-құрметке ие болды. Ұлы Отан соғысы кезіндегі тылдағы ерлікке пара-пар ерен еңбегі үшін асыл азаматтың өңіріне медальдар мен ордендер тағылды. Ол отбасында үлгілі әке, жақсы

жар бола білді. Алла тағала Борекеңе ұлықты ұл да, қылықты қыз да берді. Сүйіп алған зайыбы Ағия екеуі берекелі отбасында тәрбиеленген Қайрат, Алтынай, Айнаш атты балаларына заманға сай білім алып берді. Ағия жарты ғасырдан астам уақыт №6 орта мектепте қала халқының балаларын білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие берді. Ол сан жылдар бойы халық баласымен бірге өз балаларының тәрбиесіне де көңіл бөлуді ұмытқан жоқ. Балапандары Қайрат пен Алтынай әке жолын қуып, мұнайшы деген мәртебелі мамандық иесі атанды. Айнаш ана жолын қуып, Ақтауда ұстаз болып еңбек етіп жүр.

Адам еңбегінің мәні жемісін тату емес пе?! Бір кездері Борекеңмен бірге кенорынды игеру үшін ұшаққа мініп ілесіп келген екі інісі қазір зейнеткерлікке шығып, еңбегінің жемісін татып, әрбір арайлап атқан таңды шүкіршілікпен қарсы алып отыр.

Қазіргі таңда «Өзенмұнайгаз» АҚ атты алып құдықтан су ішіп отырған біздер осы құдықты қазу үшін бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен Боранбай Нұрмұханов сынды ағалар алдында өмір-бойы қарыздар екенімізді естен шығармағанымыз жөн. Кешегі болмаса, бүгінгі болмақ емес. Ел үшін егіліп, жұрт үшін жұмылып еңбек еткен ағаларға Алланың нұры жаусын. Оларға басымызды иіп, шексіз алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Ол өткен ғасырдың сонау 1929 жылы мұнайшы отбасында дүниеге келді. XX ғасырдағы ең ауыр несібені татқан аға буын өкілі бала болып ойнамай, еркелік көрмей өсті. Қиын заман қаршадай баланы ерте есейтіп жіберді. 1943 жылы 14 жастағы намысты бозбала «қасық қаным қалғанша елімді жаудан қорғаймын» - деген мақсатпен әскери комиссариатқа барып өзінің тілегін жеткізеді. Алайда жасы жетпегендіктен және отбасының үлкені болғандықтан бозбала ФЗО-ға қабылданады. Оны бітіріп Мақат ауданына қарасты «Комсомольский» мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа орналасады. Жұмысқа деген бойындағы қайрат пен күш-жігер Боранбайды гараж меңгерушісі лауазымына дейін апарды.

Қыдыр дарып, бақ қонған киелі мекен Маңғыстауда 1960 жылдары барлау жұмыстары жүргізіліп, мұнай-газ қоры бар екендігі анықталады. Мүлгіп қалың ұйқыда жатқан шөлді сахарадан «қара алтын» табылады десе, ол кезде біреу сенер, біреу сенбес еді.

Қазыналы мекенді игеру мақсатында 1964 жылы «Маңғышлақ мұнай бірлестігі» ашылып, құрамында «Өзен мұнай басқармасы» құрылады. Одақтың түкпір-түкпірінен мамандар ағылып келе бастайды. «Дарияның жарға соққан толқынындай» деп Балуан Шолақ айтқандай, жастық шақта адам қайда бармайды, қай қиырды кезбейді. Мақала кейіпкері де Өзен кенорнын игеруші және қала іргетасын қалаушы, бүгінде аты аңызға айналған Рахмет Өтесіновтің шақыру хатымен алғашқы мамандардың бірі болып Ескіөзен аулына Гурьевтен (қазіргі Атырау) екі інісімен ұшаққа отырып жетеді.

«Ойпырмай, сол кездегі табиғаттың дүлей күшіне жігіттің жігіті ғана шыдады ғой. Көптеген жігіттер қатты желдің әсерінен көзге тұртсе көргісіз қалың шаң мен аптаптан жүректері шайлығып біздер ерттеп мініп келген ұшаққа мініп, келген жақтарына кері ұшып кетіп жатты»-деп еске алады тарих қойнауында қалған сағым жылдарды Боранбай ақсақал.

Жаңаөзен қаласы ол кезде «Газ городок» деп алатын-ды. Автокөлікпен кенорынға келген вагондар дастарханға шашылған бауырсақтардай әр жерде тұратын. Алғашқылар осы вагонды баспана етіп пайдаланды. Қарапайым тұрмыстық жағдайдың өзі ол кезде мүмкін болмады. Бірінші





ӨНДІРІС ТІРЕГІ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Қауіпсіздік техникасы ережелерін білу мен орындаудың маңызы зор. Себебі бұл кездейсоқ қатерлерден сақтандырудың бірден-бір кепілі. Қауіпсіздік техникасының ережелерін дұрыс бағаламау мен орындамау жұмыс істеуші адамның денсаулығына, тіпті өміріне өте қауіпті. Өзен кенорны өндіріс ошағы болғандықтан қауіпті аймақ болып саналады. Сондықтан ондағы әр жұмыскер жұмыс істеудің қауіпсіз әдістерін үйреніп, игеруге және қауіпсіздік техникасы ережелерін жақсы білуге міндетті.



Адам еңбегін қорғау, қауіпсіздік техникаларын сақтау ҚР Еңбекті қорғау туралы Заңы негізінде іске асады. «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлерінің қауіпсіздік жағдайларын қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар атқарып келе жатыр. Жалпы компанияда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі шараларына 2017 жылы 2 млрд. 532 млн. теңге қаржы қарастырылған. Осы қаражаттар уақтылы игерілген. Мәселен, оның ішінде еңбек қауіпсіздігіне – 335 млн. теңге, өрт және өндірістік қауіпсіздікке – 395 млн теңге, жеке қорғаныс құралдары мен арнайы киімдерге – 972 млн теңге қаражат қарастырылған. Әйтсе де, әріптестеріміздің қауіпсіздік техникасы ережелеріне салғырт қарағандықтан 2017 жылдың 12 айы ішінде 7 жұмыскер жарақаттанды. 2016 жылы 20 қызметкер жарақаттанды. Бүгінгі күні осы екі жылда 27 жарақаттанушының 22-сі жұмыстарына қайта шықты. 1 қызметкер (Кеңшілік Қосаманов) еңбекке жарамсыздық парағын алды. 4 қызметкер қайтыс болды. «ҚР Еңбек кодексінің 188 бабына сәйкес 2017 жылдың 12 айында орын алған оқиғаларға арнайы комиссия құрылып, тергеу-тексеру жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген тергеу-тексеру қорытындылары бойынша аталған оқиғаларды алдағы уақытта болдырмау және қауіпсіздік шараларын нығайту мақсатында 51 тармақтан тұратын 7 түзету іс-шарасы жасақталды. Бүгінде осы іс-шаралардағы 51 тармақтың барлығы түгел орындалды. Жауапты адамдарға тәртіптік жаза қолданылды. Нақтырақ айтатын болсақ, 10 адам қатаң сөгіс алып, 6 адамға сөгіс, 7 адамға ескерту беріліп, 1 адам жұмыстан шығарылды»-дейді департамент директоры Өсербай Тұрсабеков.

Компанияда 1500-ден астам көлік бар. Олардың ішінде әртүрлі арнаулы көліктер мен жеңіл автокөліктер де бар. Сол көліктердің бәріне соңғы кезде ДЖПС деген құралдар орнатылған. Осы құрылғы арқылы департамент қызметкерлері көліктердің қай бағытта қандай жылдамдықпен бара жатқанын манитордан көріп, бақылап отырады. Оның жанар-жағар майлардың орынсыз ысырап болмауына да пайдасы зор.

2015 жылдан бері компанияда қауіпсіздік саласы бойынша мотивация шарасы жүргізіліп жатыр яғни жұмыс

орнында қауіпсіздік шараларын сақтап, ережеге сәйкес жұмыс істеген жұмыскерлерге сыйақы беріліп, оларды ынталандырып, көтермелеп отырады.

Компаниядағы Өрт қауіпсіздігі мен Төтенше жағдайлар қызметін қадағалап-бақылау және болдырмау жұмыстары – осы департаменттің міндетіне жатады. Осыған сәйкес компания жерасты, жерүсті байлықтарын сақтау, жұмысшылардың қауіпсіздігін қорғау бойынша үнемі жоспарлы түрде оқу-жаттығу іс-шараларын өткізіп, төтенше жағдай орын алған кезде сақтану, қорғану шараларын қалай жасау керектігін тұрақты үйретіп, көрсетіп, саналарына сіңіріп жатыр. Төтенше жағдай кезінде жұрттың бәрі бірдей. Сондықтан бекітілген қағида, ережелерді барлық адамның бес саусақтай білуі міндетті. Өрт сөндірушілер мен жедел жәрдем қызметкерлерінің де шапшаңдығы, іскерлігі, кәсіби біліктілігі есепке алынады.

Соңғы жылдары компания мамандарының арнаулы киімдерінің өте сапалы болуына ерекше көңіл аударып келеді. Киімдердің жаздық және қыстық үлгілері жан-жақты талқыландудан өтеді. Қауіпті аймақта жұмыс жасайтын мұнайшылар үшін төзімді материалдан тігілген киім керек. Сол үшін «Флейм форд» деген материал таңдалып алынды. Осы матадан тігілген киімдердің бәрін Жаңаөзендегі «Жанарыс» киім тігу фабрикасы дайындайды. Жаздық киім мұнайшыларға жылына екі рет, ал қыстық киім екі жылда бір рет беріледі. Жаздық және қыстық аяқ киімдер де беріледі. Жалпы компанияда арнаулы киімдер үшін нұсқаулық шығарылып қойылған. Бір реттік, жауын-шашынға арналған киімдер, жүргізушілерге бөлек, жерасты жөндеу жұмыстарындағыларға өз алдына бөлек киімдер беріледі. Олардың бәрінің жаздық және қыстық үлгілері бар. Мәселен, жерасты жөндеу жұмысындағыларға 5 түрлі қолғап беріледі. Іші қалың, аяқты тоңдырмайтын байпағы бар су етіктер беріліп жатыр. Олар ыстыққа да, суыққа да төзімді.

Өзенмұнайгаздықтарды еңбекті қорғау өндірістік қауіпсіздіктен сақтандыру саласы бойынша біліктілігін көтеру мақсатында үнемі курстар өткізіліп тұрады. «Басы аманның-малы түгел» дейді қазақ. Қауіпсіздік техникасын сақтау-адам өмірінің арашасы екенін естен шығармайық!

ЕҢБЕК АДАМЫ



КӘСІБІНІҢ НӘСІБІН КӨРГЕН

Кәсіби болашағыңды дұрыс таңдау қоғамдағы өз орныңды танудың негізі. Адамның жақсы, өмірлік табысқа жетуіне әсер ететін ең бір маңызды шешімдердің бірі. Біздің өмірде неге қол жеткізгіміз келетіні туралы түсініктің өзі біздің арманымызға жетуге мүмкіндік береді. Әрине, мамандық таңдағанда адамға тек қана білімі мен іскерлігі ғана емес, сондай-ақ оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі де маңызды.

Нұрболат Шырақбаев «Өзенмұнайгаз» атты алып компанияның №5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында №5 автотізбектің аға механигі. Транспорттың әр қозғалысына механиктің шеберлігі мен білім-білігі қажет-ақ. Осы тұрғыда Нұрболаттың кәсіби таңдауын дұрыс жасағанына күн сайын көзі жетеді. 2000 жылдан бері мұнай-газ саласындағы еңбегі оны әрқашан жақсы жетістіктерге жеткізіп келеді. Дүниеге бір кірпіш болып қаланып, елге қызмет етіп жүргенін – өзінің өмірлік жолының дұрыс бағытта екендігінен деп біледі. Ал еңбек етіп, табыс тауып, отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз етіп отырған азамат мамандығына риза. Бүгінде кәсібінің нәсібін көрген Нұрболат компания келешегінің жарқын болуын тілейді.



ЕҢБЕК ЕТКЕНГЕ БАҚЫТ БАСЫН ИЕДІ

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылдың астарында терең мән жатыр. Еңбектің адамзатқа берер пайдасы орасан. Ол тынымсыз тірлік болғанымен, қоғамға, халыққа, отбасына, жеке адамға берері көп. Терлеп тапқан табысқа еш нәрсе жетпейтіні анық. Дана халқымыз «еңбектің наны тәтті» деп бекер айтпаған ғой.

Бала күнінен осы нақылды санасына сіңіріп өскен адамдардың көбі еңбекпен шыңдалып, есейгендер. Солардың бірі – Сұлтан Бекдосов. «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының №5 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында автотізбек меңгерушісі болып қызмет атқарады. Саладағы еңбек өтілі отыз жылға таяу. Осы жылдар арасында Сұлтан адал еңбек ғана ерге шығаратынын білді. Ақырын жүріп, анық басты. Өзіне жүктелген міндеттерді қалтқысыз орындап, сатылып кәсіби өсу жолына түсті. Бүгінде кішіге үлгі, үлкенге қолғанат болған нағыз маман.

Адал еңбегінің арқасында отбасын асырап, елге пайдасын тигізіп отыр. Сұлтанның өмірлік ұстанымы: Еңбек еткенге бақыт басын иеді!



ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ



Нұрлының НҰРЛЫ БЕЙНЕСІ

Адамның әр шыққан асуы өнегеге толы болса, өмірінде өкініш болмайды. Тіршілік атаулыны еңбекке бас идірген тәңірі адам баласын барлығына артығырақ жаратқаны анық. Сана беріп, оның биігінде бүкіл ғаламды бағындырған екі аяқтының жетпеген жетістігі жоқ...

Химия деген ілімнің қажетсіз болған күні жоқ. Тірлік бар жерде, бұл ғылымның керек жері көп. Нұрлы бағындырған сала – осы сала. Химиялық зерттеу, талдау жұмыстары өзі қолға алған мамандығы һәм өмірлік философияның бір ұшқыны.

Нұрлы Мусыров 1955 жылы Түркменстанның Балқан ауданында дүниеге келген. Сол жердегі орта мектепті бітіріп, 1972 жылы Түркменстан политехникалық институтын инженер-химик мамандығын алып шығады. Еңбек жолын Непитдағ йод зауытында бастайды. Сол жерде түрлі басшылық қызметтерден соң Жаңаөзен қаласына қоныс аударып, 1997 жылы «Өзенмұнайгаз» басқармасында №2 Мұнай-газ өндіру басқармасында шебер болып қызмет атқарады. Одан соң компанияға қарасты басқармаларда зертхана меңгерушісі, экозертхана меңгерушісі, бас эколог болып жасайды. Мұнай өндірісінде химиялық талдау-зерттеу жұмыстарының орны ерекше. Қиын да қызық, аса қажетті мамандықты жетік меңгерген Нұрлы мекеме үшін керек мамандардың бірі болды. Ол әр жерде атқарған абыройлы еңбегінің барысында Химияландыру және экология басқармасына ауысты. Ол жерде 2017 жылдан бастап Қоршаған ортаны қорғау және техника қауіпсіздігі аға инженері болып қызмет атқарады. Жауапты жұмысты мойнына алған маман үлкендерден үйренді, кішілерге жол нұсқады. Көпжылдық еңбек тәжірибесі, өмірлік түйгені бүгінде Пайғамбар жасы – 63-ке толып отырған Нұрлы ағаның жүзін одан сайын нұрландыра түскендей.

Жұбайы Сайлау екеуі үш ұл, бір қыз тәрбиелеп, өсіреді. Бүгін де әрқайсысы әке жолын қуып, еңбекке араласып, елге қызмет етуде. 2011 жылы «Маңғыстау мұнайының 50 жылдығы», 2017 жылы мұнайшылар күніне орай «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталған.

КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ –

МҰНАЙШЫ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамында 10 мыңға жуық адам жұмыс істейді. Әлеуметтік-әкімшілік департаменті мамандары жұмыскерлердің әлеуметтік деңгейінің жоғарылауы үшін тынбай еңбек етеді.



Әрбір жұмыскердің жейтін тағамының сапалығы, тұрмыстық-шаруашылық кешеніндегі еңбекке қолайлы жағдайдың болуын біз үнемі жіті қадағалап, басты назарда ұстаймыз. Өзен кенорнында заман талабына сай салынған 14 асхана 24 сағат жұмыс жасайды. Кенорын «күретамыры» болып саналатын СЖАЖ бригадаларында ерен еңбек етіп, ел ырысын еселеп жүрген әріптестерімізге үнемі ыстық тағамды уақытында ыңғайлы термоспен жеткізіп тұрамыз.

Әрбір мұнайшыға жыл сайын сақтандыру картасы беріледі. Өзінен бөлек ол сақтандыру картасын отбасындағы 3 адамға да алады. Жазғы каникул кезінде мұнайшылардың 5 мың баласы еліміздің түкпір-түкпірінде орналасқан лагерлерге барып қайтады. Бұларға жұмсалатын қаражат компания есебінен алынады. Лагерь таңдау кезінде ата-аналардың пікірі, кәсіподақтың кеңесі мен ұсынысы міндетті түрде ескеріледі. Ұжымдық шартқа сәйкес 7-9 жас аралығындағы балаларды Кендірлі жағалауында орналасқан «Ақбөбек» балалар лагеріне, ересек балалар Алматы, Шымкент, Қостанай лагеріне жіберіледі. Бір Ақбөбектің өзіне жазда 1500 бала демалып қайтады.

«Кендірлі» демалыс аймағында өзенмұнайгаздықтарға арналған 1 күндік демалыс ұйымдастырылған. Әрбір мұнайшы бұған отбасы, балашағасымен барып дем алып, йодты ауа жұтып қайтады. Бір күндік демалыс орнына жылына 20 мың жолдама игеріледі. Кендірлі демалыс аймағына мұнайшыларға арналып медициналық-сауықтыру орталығы салынды. Бұл орталықта жыл сайын

1500 әріптесіміз демалып, денсаулығын нығайтып шығады. Мұнда ем алу компания жұмыскері үшін тегін, ал жұбайы немесе әке-шешесінің біреуіне жолдама алатын болса, жолдаманың 30 пайыз ақшасы төленетін болады. Мұндай сауапты істен Кәсіподақ ұйымы да тыс қалмақ емес. Олардың тарапынан жұмыскерлерге республикадағы таңдаулы шипажайларға арналған 2,5 мың жолдама беріледі.

Компания басшылығы салауатты өмір салтын ұстанады. Өзенмұнайгаздықтарға Рахмет Өтесінов атындағы спорт кешеніне барып спортпен шұғылданду үшін абонемент бөлінеді. «Жан бар жерде қаза бар»-дегендей жұмыс орнында қайтыс болған жұмыскердің мойнында 2 несие болса, компания қайтыс болған адамның отбасына жеңілдік болу үшін бір несиеден жауып беріп, отбасына бір айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржы береді. Бұл жеңілдіктердің бәрі ұжымдық шарт аясында жүзеге асады. Отау құрған отбасыға, аналар мерекесіне, Ауған соғысы ардагерлеріне т.б. тиісті сыйақылары төленеді. Он үшінші жалақы да міндетті түрде беріліп келеді. Келесі жылы кенорынның 55 жылдық тойын ауқымды тойлаймыз деп жоспарлап отырмыз. Біз атап өткен игілікті шаралар жұмыскерлердің алаңсыз еңбек етуі үшін жасалып, жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жағдайы жақсарған мұнайшының жұмысқа деген құлшынысы артады. Бұдан өндірілетін мұнай көлемі өседі. Мұнай көлемі артса ел экономикасы да көтеріліп халықтың әл-ауқаты жақсаратын болады. Жағдай жақсарса, болашаққа деген сенім пайда болады. Сенім бар жерде өсу бар, гүлдену бар, даму бар.

«Өзенмұнайгаз»

БІР КҮН

Жұмыс тобы: Бұрғылау жұмыстары басқармасы
Жерасты жөндеу цехының №20 бригадасы

Жұмыс орны: №3 МГӨБ аумағы №2 ТҚ, №39/93

Бригада құрамы: Саламат Адилов – шебер

Абай Тәжмағанбетов – машинист

Әділбек Кержанов – аға оператор

Жеңіс Байдуллаев – оператор

«Өзенмұнайгаз» бір күн айдарының бүгінгі санында өткен нөмерлеріміздегідей жеке бір адамның қызметі емес, тұтас бригада жұмысына тоқталамыз. Ол – Бұрғылау жұмыстары басқармасының Жөндеу цехына қарасты бригада. Соның ішінде 39/93 нөмірлі ұңғыға жерасты жөндеу жұмыстарын жүргізетін 20-сыншы бригаданың құрыш білек азаматтары туралы болмақ.

4 адамның тынымсыз тірлігі

Бір ауысымдағы бригада құрамында 4 адам еңбек етеді. Олар: шебер, машинист, аға оператор, оператор. Бұл мамандар ауысыммен күні-түні тынымсыз өздеріне жүктелген міндетті атқарады.

Әр ұңғы басында аялдау уақыты әр түрлі. Жөндеу жұмыстарының алғашқы күнінде бригада мүшелері тұрбаны тазалап, қысымды қарап, жер астына жіберуге әзірлейді. Екінші жұмыс күнінде мамандар шыбықтарды жер астына жіберді. Шыбықты жер астына жіберіп болғасын, ұңғының жайкүйін тексерген бригада топтық қондырғының операторына өнім алуға әзір күйінде тапсырады. Мәселен, біздің кейіпкерлеріміз – 20-бригадаға 146 шыбықты жер астына жөнелту тапсырылған.

Бригада мүшелері

Бұл қызметтерді атқаруда аса сақтық пен мұқияттылық керек. Өйткені жұмыстың жауапкершілігі жоғары, мамандардың міндеті салмақты. Мәселен, көмекші операторлардың басты міндеті – аға операторға шыбықты дер кезінде алып беріп тұру. Ұзындығы 8-9 метр болатын шыбықтарды бір қолдан бір қолға жеткізуде ептілікпен қатар әдіс те қажет. Осы саланың жілігін шағып, майын ішкен майталман мамандардың өтілі 10-15 жылдан кем емес. Дегенмен әр жұмыстың қызығы мен қиындығы қатар жүретіні белгілі. Мамандар жыл он екі ай аяқтан тік тұрып еңбек етеді. Басты қиыншылық шыбық дұрыс тұншықтырылмаған жағдайда орын алуы мүмкін. Өйткені сорап

жер астына 1200 метр тереңдікке дейін жіберіледі. Олардың көлемі түр-түрге бөлінеді. Егер олардың бірі болмаса, бірі талаптарға сай жіберілмесе, сораптарды қайта жер бетіне шығарып жұмысты басынан бастауға тура келеді.

Бригаданың тағы бір мүшесі – машинист. Бұл жұмыстарды атқаруда рөлі ерекше. Оның негізгі міндеті – АПРС-40 мұнарасын басқару. Тежегішті басып отыратын машинистің жауапкершілігі мол болуы керек. Өйткені көлік астында операторлар жұмыс жасап жатады. Бұл жерде мұқият болмаса болмайды.

Күннің жартысында – 100 шыбық

Мәселен, біз барған күні бұл бригадаға 146 шыбық жөнелту меже етілген еді. Тәжірибелі, кәсіп мамандар оның жүзін түскі мезілге дейін жіберіп үлгерді. Ашық аспан астында тынымсыз еңбек ететін мамандар үшін ауа райының тұрақтылығы аса маңызды. Өйткені қыстағы аязда немесе жаздың шіліңгір ыстығы жұмысты тоқтатып, өнімділікті азайтады.

Бұл бригаданың жұмысы АПРС-40 мұнарасына негізделген. Көлік жерасты жөндеу цехының қызметін қажет ететін әр ұңғының басынан табылады. Ашықтықта еңбек етін мамандармен бірге арнайы вагондар да еріп жүреді. Онда жұмысшылар тамақтанып, киім ауыстырып, атқарған жұмыстары туралы күнделікті есебін тіркеп отырады. Жұмыс аяқталғанда АПРС-40 мұнарасын жығып, келесі бір ұңғыға көшеді. Егер олардан жөндеу жұмыстарына сұраныс түссе!..

Тобықтай түйін

Жалпы Бұрғылау жұмыстары басқармасында дәл осындай бригаданың жиырмасы бар. Олардың негізгі қызметі – жер асты жөндеу жұмыстарын жүргізу. Басты міндет – қандай тапсырма жүктелсе де, жұдырықтай жұмыла еңбек етіп, межені орындап шығу.

Индира СӘТЕНБАЕВА.





Қызық! Тіпті түсіне кірмейтін анасы бүгін түсіне кірді. Ап-анық, дәл өңіндегідей. Ұсақ гүлі бар матадан тігілген көйлегі де есінде... Таңертең жұмысқа келе жатып Әсем осыдан 20 жыл бұрын о дүниелік болған анасын ойлады. Өмірде бәрі баянсыз-ау! Өмірдегі ең қымбат адамы анасының да түрі көмескі тарта бастапты. Қайтыс болған кезде «енді қалай өмір сүремін?» – деген сұрақ оңешін күйдіріп, көзі бұлаудай болып іскенше жылап еді. Сөйтсе, адам өлмейді екен. Бұл да өлген жоқ. Күйеуге шықты. Бала сүйді. Отбасы, жұмыс деп жүгіріп жүргенде жарқын бейне де жылжыған жылдармен бірге сағымдай алыстай беріпті-ау... Бүгін дәл тірі кезіндегідей қасына келіп тізе бүгті. Бірақ тіс жармады. Көңілінде кірбің бар секілді ме?! Түсін қайта-қайта ойлап, жұмыста мазасы болмады.

Өткенде бір фирмандан қымбат ыдыстар алған болатын. «Бөліп-бөліп берсең де болады» – деп еді иненің көзінен өтердей жылпылдаған сары келіншек, орысша-қазақша араластыра сөйлеп. Бұл да сылқ еткен еді. Енді міне, ай басталса, қылқылдап сұрайды да жатады. Қазір де жанталасып телефон соғып жатыр. Көтермеді. Көңілінің қошы жоқ. Ешкімді көргісі де, ешкіммен сөйлескісі де келмеді. Ыдыстар шынын айтса, қорабымен үйінің бір бұрышында жиналып тұр. Оны қарауға да уақыт болмай жатыр. Таңның атысы жұмысқа кетеді, кешке үйге барады. Әр бөлмеде бір теледидардан. Қызы өз бөлмесінде, ұлы өз бөлмесінде. Қарап отырса, дені дұрыс отбасы сияқты шүйіркелесіп отырып, арқа-жарқа әңгімелесуіне де жүз жыл өтіпті.

Әдеттегідей есікті қағып, имене басып ішке хатшы қыз келді. Он минуттан соң жиналыс болатынын ескертті. Бұл бірнеше жылдан бері қалалық газетте жауапты хатшы қызметін атқарады. Күні бүгінге дейін өзін табысты да жолы болғыш адаммын деп ойлапты. «Күлтөбенің басында күнде жиын» демекші, күнде жиналыс. Осы уақытқа дейін өзін аса маңызды мәселелермен айналысып жүрген қоғамға керек адаммын деп есептепті. Бүгін өзінен-өзі бүлініп отыр. Бәріне түсі кінәлі. Шешесі үнсіз келіп қасына тізе бүкті. Ренжулі. Бар болғаны осы...

Бұл көптен бері өзін ешкімнің шешесі құсап құшағына қыспағанын ойлады. Қайран шешесі бұны құшағына қысып, құшырлана шашынан иіскеп, еміреніп жататын.

Көрмесе бірін-бірі тұра алмайтындай болып үйленген Ерігі екеуі де соңғы кезде бөтен адамдар сияқты. Құдайға шүкір, қаладағы белді мұнай өндіру компаниясында жұмыс жасайды. Лауазым иесі болмаса да, жалақысы тәп-тәуір. Әйтсе де, демалысында көрші қалаға сүрткіштеп жататын иномаркасымен адам тасып, қосымша ақша табады. Тіпті тиын-тебеннің соңына түсем деп елдің бетін көруден қалды. Үйге шаршап келеді. Тамағын да қабағынан қар жауып отырып ішеді. Сосын өзінің бөлмесіне кіріп, түскен ақшасын санайды.

«Осы жұрт қызық, машинаның есігін шіреніп тұрып лақтырады. Машина емес тоңазытқыштың есігін жауып тұрған сияқты» – дейді ашуланып. Бұл күйеуінің айтқандарын үнсіз тыңдайды да қояды. Ақша, дүниеден басқа екеуінің сөзі тасуылып қалған сияқты. Айналып келіп соны көңірсітіп әңгіме қылады.

Өткен аптада нағашысының садақасында жеңгесі «Ерік төбесін көрсетпеді ғой. Дүниенің түбіне жеткен адам жоқ. Жоқ өзі өлмеймін деп жүр ме?!»-деді зілдей етіп. Ет жеп отырған Әсемнің үстінен біреу суық су құйып жібергендей денесі мұздап кетті. Ләм-мим деп тіл қатпаса да, осы уақытқа дейін «шәй» десіп көрмеген жеңгесіне қатты ренжіп қалды. Үйге келгесін Ерікке шет-жағасын айтқан, күйеуі кекете мырс етіп күлді де отыра берді. Ой апанына батып бара жатқанын сезген сұлу келіншек орнынан шалт тұрып, редактор кабинетіне бас сұқты. Азғана адамнан тұратын ұжым бір үйдің

ӨКІНІШ

ӘҢГІМЕ



тату балаларындай-ақ редактордың кабинетіне жиналып қалыпты. Редактор ұзақ сөйледі. Бүгін оның сөздеріне Әсем аса мән бере қоймады. Адам деген қызық құбылыс ғой. Әсем қарап отырып бірде күлгісі келсе, бірде өксіп жылағысы келді. Ал, түсініп көр. Жиналыста отырып «Бәріміз мылжың болып кеткенбіз. Өтірік сөйлейміз, өтірік уәде береміз, бір-бірімізге өтірік күлеміз»-деді өзіне-өзі. Мына жасап жүрген тірлігі болмашы, өтірік нәрсе сияқты болып кетті. Өткен аптада 9-сыныпта оқитын баласы Манастың апайы хабарласып, мектепке соғып кетуін өтінген еді. Оған да жұмысты сылтауратып бара қоймады.

7-сыныпта оқитын Толқыны ұялы телефонмен бірге жүріп, ұялы телефонмен бірге ұйықтайды. Жыларман болып, туған күніне ең қымбат телефонды алдыртып алды. «Ақшаны біздің қажетімізге жаратпағанда, молаға алып кетейін деп жүрсіңдер ме?»-деп жылағанда мұның төбе шашы тік тұрған. Дольланып өзіне қарап айқайлап тұрған қызды шынымен де кешегі өзі көтеріп балабақшаға

апаратын Толқыны ма, басқа ма деп күмәндәніп қалғандай қызына ұзақ қарап қалған-ды.

Жиналыстан соң Әсем жұмыстан сұранып мектепке барды. Манастың апайы баласының кітап бетін ашпайтынын, соңғы кезде дөрекілік танытып, темекіге де әуестеніп жүргенін айтты. Әсемнің іші удай ашыды. Соңғы жылдары «жұмыс, жұмыс» деп жүріп, балаларына көңіл бөлуді кейінге ысырып қойыпты. Сенбі, жексенбіде ананың тойы, мынаның тойы деп жылтырақ көйлегін киіп, ортада ақ тер, көк тер болып билеп, бітпейтін ырды-ырдуудың апанына түсіп кетіпті. Отбасындағы ыстық тамақтың уақытылы пісірілуіне де мән беруді қойыпты. Баласы мен қызы үндемесін деп, сұрағанын алып беріп құтылмақшы болыпты. Ал енді кімнен көреді? «Мектепке сірә келдім ғой» деп, Толқынның класс жетекшісімен де жолығып кетпекші болды. Егделеу келген апайды мұғалімдер бөлмесінен тапты. Апай бұған ойланып қарап отырып «Толқын сабақты мүлдем қойды. Сабаққа салғырт қарайды. «3»-тің өзін сізді танитын болғасын ұялғаннан қойып жүрміз» – деді.

Әсем мектепке жердің үстімен барып, астымен қайтты. «Қап, бәлем! Кешке Ерік келсін, дұрыстап сөйлесеміз. Бұлай болмайды!»-деді қатуланып. Күйеуінің кеше шай үстінде «Ақшаны сен көп жұмсайсың, өзіңнің алатын жалақың қайыршының тапқанындай. Сөйтіп жүріп шуба киесің»-дегені есіне түсті. Ұйқыға жатар кезде түкірігі жан-жағына шашырап, екіленіп «ақшаны жинай беру керек, ертең жұмыссыз қалсаң, қаңғып кетесің»-деді бұған аларып қарап. Не айтарын білмей, еріксіз күлген. Сөйтсе бұл күлетін зат емес екен. «Ақша, ақша» деп жүріп, Ерік адамдық кейіптен кетіп қалыпты. Екеуі баянсыз өмірдің қоқыр-соқырына алданып жүріп, өздерін де, балаларын да жоғалтып алғандарын сезбей қалыпты...

Жол ортасында зәбір көрген баладай өксіп жылап, қысынға келмейтін сөздер айтып, жан-жағына алақтап, бір түрлі қылықтар көрсеткен Әсемді жақындары жедел жәрдеммен ауруханаға жеткізді.

Аппақ палатада есін жиған Әсем дәрігердің әлдекімге «Біз есалаң, ақылсыз әлемде өмір сүріп жатырмыз. Біздің қаламызға психологиялық орталықтар қажет-ақ! Мәселен, Америка деген алпауыт елдің өзінде Президенттен бастап бомжына дейін психолог көмегіне жүгінеді» – деп жатқанын естіді. Өкініш өзегін өртеген Әсем көз жасына ерік берді...

Бибігүл БӨБЕКБАЙ.

Ішкі коммуникация

ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ҚАЖЕТ ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕСТЕР

- Отбасыңыздан зайыбыңыз, балаларыңыз телефон соққанда немесе хат жолдағанда бірден жауап бересіз. «Неге іздеді?» деп білуге асығасыз және жауап беруді кейінге қалдырмайсыз. Әріптестің де хат-хабарламасына кешіктірмей жауап берсеңіз екі жақты қарым-қатынас нығая түседі.
- Хатқа жауап беруге қолыңыз тимей жатса, «Хатыңызды алдым. Сізге мынадай уақыт ішінде сұраған ақпаратыңызды жолдайын» деп жауап жолдасаңыз болады. Хат жіберуші тараптың реніші туындамайды.
- «Рахмет» деген бір сөздің өзі жауап алушы тарапқа жылы әсер ететінін ұмытпаңыз. Бұл бір жағынан хаттың алушыға жеткенін де нақтылайды.

- Хатқа жауап бермесеніз, телефон тұтқасын көтермесеніз және мұны бірнеше рет қайталасаңыз ол адамның Сізге көңілі суып қалуы мүмкін. Коммуникация әлсірейді. Өзіңіз біреуге телефон соққанда жауап бермесе қандай көңіл күйде боласыз? Осыны ескеріңіз.
- Телефонмен сөйлескенде адамның есімін әңгіме басында және қоштасқанда айтсаңыз әріптесіңізге жылы әсер қалдырады.
- Жақындарыңызды мерекемен, туған күнімен ұмытпай құттықтайсыз, жұмыстасыңызға да сондай ілтипат білдіріңіз. Мұндай сәтте ренжіп жүрген адам болса, өкпесін ұмытады. «Жақсы сөз жан семіртеді». Әріптестерімізбен жақсы қарым-қатынаста болайық!

ҚҰТТЫҚТАУ!



Қадірлі

Нұрымгүл Амангелдіқызы!

Адам баласының өміріндегі бел-белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Солардың ішінде еңсәлі 55 жастың орны ерекше. Сіз де осындай мерейлі жасқа толып отырсыз. Ортаңызға сыйлы, маңайыңызға абыройлы адамсыз. Шыққан биігіңіз аласармасын, еңбекте алда, отбасында бақытты болыңыз. Қажырлы еңбегіңізге мол табыс тілейміз!

Ізгі тілекпен: **Технологиялық транспорт басқармасы**Ардақты
Сәрсенбибі Қалбаева!

Жаны нәзік, жүрегі жұқа әйел заты үшін шыққан әр жасы – бір белес. Сіз өмірге келгені 55-ші белесті бағындырып отырсыз. Жаңа жасыңыз құтты болсын! Адам әр қырқаға көтерілген сайын оған денсаулықтың қадірі де соғұрлым артады. Сізге біріншіден, зор денсаулық, қажымас қайрат тілейміз. Қара алтын өндірісіндегі еңбегіңіз еселене берсін. Абырой биігіңіз аласармай, бақытты әйел болыңыз!

Құрметпен: **Технологиялық транспорт басқармасы**

МҰНАЙШЫНЫҢ БАЛАСЫ – ЖЕҢІМПАЗ

Сәуірбектің спорттағы
СӘТТІ ҚАДАМЫ

Бала өмірге келгеннен кейін қауіпсіздікте өсіру, дұрыс тәрбие беру ата-ананың міндеті. Есін білгеннен кейін-ақ балалар бір нәрсемен шұғылданбай бос жүрсе, уақыты өтпейді. Әсіресе қала баласы үйге «сыймайды». Асыр салып далада ойнай алмайды. Ойын алаңын айналшықтап, үйдің арасында жүргені...

Рзабектің ұлы Сәуірбек те бес-алты жасында осындай жағдайға тап болды: төрт қабырға тарлық етті. Оны байқаған анасы баланы тез арада үйірмелерге беру керек деп шешті. Әкесімен ақылдасып, қаладағы каратэ-до үйірмесіне жетелеп апарды. Мектепке жаңа ғана барып жүрген Сәуірбекке бұл «алыс-жұлыс» спорт түрі тәуір көрінді. Жаттықтырушысы Азамат Губашевтың тыңғылықты дайындауының арқасында жас каратэші жарыстарға жолдама алды.

Барған жарысынан жүлдемен оралды. Ата-ана қуанды, жаттықтырушы зор үміт күтті. Ол «OPEN BISHKEK» халықаралық турнирінде бас жүлдені иемденіп, айды аспаннан бір шығарды.



Сондай-ақ Оралда өткен турнирде I орын, Астанадан II орын, Ақтау қаласында өткен облыстық жарыста II орынды жеңіп алды. Қалада өтетін турнирлерге қатысу, одан жеңімпаз танылу Сәуірбек үшін қалыпты жағдайға айналды. Осылайша жаттығу залына барғанына екі-ақ жыл болған Сәуірбек Қалмұрат бүгінде спорт шеберіне үміткер. Жаңаөзен қалалық №10 орта мектебінің үздік оқушысы.

Әкесі Рзабек: Ұл баланы спортқа беру өте дұрыс деп есептеймін. Оның бірнеше себебі де бар. Ол баланың жеке қорғанысы үшін, сондай-ақ жаман едеттерден аулақ болуына (төмекі, арақ т.б.) қажет. Қос ұлымның да бос уақыттары жаттығу залдарында өтіп жатыр. Жетістіктері де жоқ емес. Сәуірбектен өке ретінде қандай да болмасын жарысқа барса орын алмай қайтпайтын алғырлығы, қайсарлығынан зор үміт күте-

мін, – дейді.

Біз де әріптеске үкілеген ұлыңыз үмітіңізді ақтасын дейміз.

Спартакиада мәресіне жетті

Жаңаөзен қаласының 50 жылдығы мен Мұнайшылар күні мерекесіне орай өткізілген «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы басқармалары арасында өткен спорт турнирі мәресіне жетті. Футзал, волейбол, баскетбол,

тоғызқұмалақ, үстел теннисі, шахмат, жүзу, армреслинг бойынша сынға түскен мұнайшылар өзара мықтыны анықтады. Шілде айы бойы 8 спорт түрі бойынша жүлделі орындарды сарапқа салып, нәтижесінде келесі командалар жүлдеге илінді.

Футбол:

I орын №3 МГӨБ
II орын №1 МГӨБ
III орын №4 МГӨБ

Тоғызқұмалақ (ерлер):

I орын А.Рублев (ӨЭМБ)
II орын Р.Амандықов (№1 МГӨБ)
III орын Е.Толыбеков (№2 МГӨБ)

Шахмат (ерлер):

I орын И.Бердалиев (№2 СҚКБ)
II орын А.Наурызов (№1 МГӨБ)
III орын Н.Оспанов (№3 МГӨБ)

Армреслинг-80 кг (ерлер)

I орын Б.Ержанов (№1 МГӨБ)
II орын Р.Жұмағазиев (№3 МГӨБ)
III орын А.Беласар (ХжЭБ)

Волейбол(ерлер):

I орын №1 МГӨБ
II орын АЖТБ
III орын №2 СҚКБ

Тоғызқұмалақ (қыздар):

I орын А.Төлебекова (№3 МГӨБ)
II орын А.Шерымғалиева (№2 МГӨБ)
III орын Ж. Сұймағамбетова (№1 МГӨБ)

Шахмат (қыздар):

I орын А.Шерымғалиева (№2 МГӨБ)
II орын Ж.Сұймағамбетова (№1 МГӨБ)
III орын Ж.Әбішева (ХжЭБ)

Армреслинг+80 кг (ерлер)

I орын Қ.Байбусинов (№3 МГӨБ)
II орын С.Қалдыбаев (№2 МГӨБ)
III орын А.Мұсаев (№1 СҚКБ)

Волейбол(қыздар):

I орын №3 МГӨБ
II орын АБ
III орын №1 МГӨБ

Үстел теннисі (ерлер):

I орын Б.Жақсылықов (№1 МГӨБ)
II орын Ф.Айтниязов (№3 МГӨБ)
III орын Т.Болатбаев (АБ)

Жүзу (ерлер):

I орын Қ. Өсеров (№4 МГӨБ)
II орын Б. Татиманов (№3 МГӨБ)
III орын Н.Юсупов (№2 СҚКБ)

Армреслинг-65 кг (қыздар)

I орын С.Мұратова (№3 МГӨБ)
II орын Г.Қожанова (№2 МГӨБ)
III орын Ж.Сұймағамбетова (№1 МГӨБ)

Баскетбол:

I орын №1 МГӨБ
II орын №4 МГӨБ
III орын №1 СҚКБ

Үстел теннисі (арулар):

I орын Г.Тайжанова (АБ)
II орын И. Есімова (№3 МГӨБ)
III орын Ж.Сұймағамбетова (№1 МГӨБ)

Жүзу (қыздар):

I орын Ә. Мұсағалиева (№1 МГӨБ)
II орын С.Мұратова (№3 МГӨБ)

Армреслинг+65 кг (қыздар)

I орын А.Сабырова (№1 МГӨБ)
II орын Н.Жолаева (№3 МГӨБ)
III орын Ұ.Молдағалива (№2 МГӨБ)